

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ  
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Нұр-Сұлтан  
2021 жыл

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан қ. 2021ж. – 57 бет.

**Пікір жазғандар:**

С.Н. Жиенбаева, п.ғ.д.  
Г.С. Биртаева, меңгеруші  
К. Ж. Байдаулетова әдіскер

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі жастағы балаларда мемлекеттік тілді меңгеру мәселелерінде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін әзірленді

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне, жас ата-аналарға, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алатын ЖОО мен колледж студенттеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» ) республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 21 қыркүйектегі №7 хаттама) ұсынылады.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2021 ж.

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады» -деп, атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Өзінің ұлттық мәдениетін, ата-бабаларының салт-дәстүрін сақтауға және дамытуға деген ұмтылыс ана тілін үйренудегі ұлттық сана-сезімнің айқын дәлелі.

Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады.

Тілдерді ерте жастан үйрету баланың зияткерлік қабілетін дамытуға сонымен қатар, балаларды мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне мемлекеттік тілді меңгерту мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- балалардың мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын ояту;
- қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу);
- балалардың лингвистикалық білім алуына ықпал ету;
- бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық тудыру және оларды құрметтеуге тәрбиелеу;
- әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуын қолдау.

ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты балаларға 3 жастан бастап қазақ тілін оқытуды көздейді.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету ұйымдастырылған оқу қызметінде, күнделікті әрекеттерде ойын түрінде жүзеге асырылады. Ойын-жетекші әрекет және балаларды дамытудың негізгі құралы.

Мемлекеттік тілді меңгерудің негізгі факторы:

ата-аналардың балаларының мемлекеттік тілді меңгеруін қалауы;  
тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білетін жоғары білікті педагог кадрлардың болуы;  
әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды, дамытушы ойындарды қолдану болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

мемлекеттік тілдің нормалары мен ережелерін меңгереді, дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтады, базалық лексикалық және сөздік қоры жинақталады; қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсінеді; бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысты жеке мәліметтерді айтады; коммуникативтік қабілеттері дамиды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері қазақ тілін үйретуде оқытудың инновациялық нысандарын кеңінен енгізуі қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде мемлекеттік тілде бейне мәтіндерді қолдану, қазақ тіліндегі интернет-кеңістікті дамыту, көркем және басқа да әдебиеттерді қазақ тіліне аудару маңызды болып келеді. Жүйелі жұмыс нәтижесінде бала қазақ тілін меңгереді және мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алады.

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ТІЛІН ДАМУЫ ӘДІСТЕМЕСІ**

Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ана тілінде ұйымдастырып, балалардың тілін дамытуды қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді қарастырады. Тіл дамыту әдістемесі баланың ауызекі сөйлеу тілін қалыптастырудың, өзгелермен қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз ететін педагогикалық әрекеттердің бірі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балада сөйлеуді дамыту туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Баланы ана тілінде оқыту әдісі тұңғыш ағартушы Ы. Алтынсариннің еңбектерінде көрініс тапты. Ағартушы-ұстаз ана тілінде оқытудың жолын, қағидаларын, әдістерін көрсетті, балаларға арнап «Қазақ хрестоматиясын» жазды.

Ағартушы-ұстаз А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салды. Қазақ тілін оқыту әдістемесі А. Байтұрсынұлының «Баяншы», «Жалқылау, жалпылау», «Қай әдіс жақсы?» т.б. еңбектерінде баяндалды.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуына сүбелі үлесін қосқан, мектеп жасына дейінгі балаларға арнап әдістемелік оқу құралдарын әзірлеген Н.Құлжанованың «Балабақшадағы тәрбие», «Ана мен бала», Б.Баймұратованың «Біздің кітап», «Мектепке дейінгі ұйымдарда және отбасында баланың тілін дамыту әдістемесі», «Баланы мектепке қалай даярлауға болады?» т.б. еңбектерінде ана тілін оқыту және тіл дамыту әдістемесінің мәселелері зерттелген. Бөбек жасындағы балалардың сөздік қоры мен сөйлеуінің даму ерекшеліктері жайында Б. Баймұратованың еңбектерінде

жазылған. А. Бақреденова, Х. Қожахметова, А. Меңжанова, Ә.Әмірова, Қ.Меңдаяхова және т.б. еңбектерінде балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Педагогика ғылымындағы баланың сөйлеу тілі мәселесі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де зерделенді. Бала тілінің дамуын алғаш зерттеген чех ғалымы Я.А. Коменский болды. Я.А. Коменский «Аналар мектебі немесе баланы алты жасқа дейін қамқорлықпен тәрбиелеу» атты еңбегінде баланың тілі мен ойын қатар дамыту керек деп жазды. Үш жасында баланы дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуді, 4-6 жас аралығында сөздік қорын байыту қажеттігін, яғни көрген заттарын баланың сөзбен дұрыс айта білуін қалыптастыруды ұсынды.

Балаға тілді үйретуді психология ғылымы бойынша зерттеген ғалым Л.С.Выготский болды. Л.С.Выготскийдің «дамыта оқыту» тұжырымдамасы бала тілінің табиғи даму кезеңдерін көрсетеді. Л.С.Выготский, А.А.Леонтьев, И.А.Зимняя «Әрекет ету теориясы» бойынша бала тілінің даму деңгейін анықтауды ұсынған. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуда ғалымдар мынандай талаптарды ұсынады:

- балалар өз ойын сөзбен жеткізе алатындай тапсырмалардың берілуі;
- айтылатын ойдың нақты болуы (не туралы айтады).

Психологтар бала психикасын зерттей отырып, баланың санасы әрекет нәтижесінде дамитындығын дәлелдеді. Әрекетке сәйкес баланың ойы мен сөйлеуінің қалыптасатындығы айқындалды. «Әрекет теориясы» тұжырымын тұңғыш рет Л.С.Выготский қолданды, одан кейін А.Н. Леонтьев, А.Р.Лурия, Л.И.Божович, П.Я.Гальперин, т.б. жалғастырды.

XX ғасырдың II жартысынан бастап байланыстырып сөйлеу әдістемесі дамыды. Е.И. Тихеева, Е.А. Флерица мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға зерттеулер жүргізе отырып, өз еңбектерінде балаларға арналған әңгімелерді жіктеп, оларды жас топтарда әңгімелеп айтудың әдістерін көрсетті.

А. М. Леушина мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуінің даму деңгейіне зерттеулер жүргізді. Д.Б. Эльконин зерттеулерінде 4-5 жастағы балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасатыны туралы тұжырымдама жасап, монологтік сөйлеу 2-3 жастағы балаларда байқалатынын айтты. Монолог - кейіпкердің ішкі жай-күйін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл. Монологта эмоциямен ойды білдіру маңызды. Ортаңғы және ересек топтарда монологтік сөйлеудің негізгі түрлері қалыптасады. Монологтік сөйлеудің негізгі түрлері – әңгімелеу және мазмұнын айту болып табылады. Әңгімелеу мазмұнын айтуға қарағанда байланыстырып сөйлеудің күрделі түрі, өйткені, жаңа мәтінді құру арқылы мазмұндау қиынырақ болып келеді. Балаларда байланыстырып сөйлеудің дамуы ертегілер, әңгімелер айтуды үйретуден басталады. Ересек жастағы балалар ертегілер мен шағын әңгімелердің мазмұнын айтады, ойыншық және сурет бойынша өз ойынан әңгіме құрайды.

Баланың алдымен өз ана тілінде сөйлеуі, қазақ тілін үйренуі ата-ана мен педагогтердің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақ тілін үйретудегі басты мақсат баланың қазақ тілінде байланыстырып сөйлей білуін қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуда сөздік қорын қалыптастыру, оны белсенді түрде байыту, дыбыстық мәдениетті жетілдіру, мәнерлі де, мәдениетті сөйлеуін тәрбиелеу, тілдің грамматикалық құрылымын, ауызекі сөйлеуді қалыптастыру қарастырылады.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ**

Мектепке дейінгі балалық шақ тұлғаның қалыптасуындағы өте маңызды кезең, сондықтан осы жастағы балаларды мемлекеттік тілді үйренуге баулудың маңызы зор.

Балабақшадағы қазақ тілі сабақтары балалардың жас, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламаның талаптарын ескере отырып жоспарланады.

Педагогтің міндеті – әртүрлі нысандарды қолдану: халық әндері мен ойындары, қуыршақ қойылымдары, халық ертегілерін оқу, көрмелерге экспонаттар дайындау және т. б.

Мемлекеттік тілді оқыту бойынша бағдарламаны іске асырудың негізгі қағидалары:

тәрбие жеке тұлғаны дамытуға және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс;

тәрбие балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

тәрбие балаларға мәдениетті меңгеру процесінде және мәдени орта мен қоршаған ортаның ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі керек;

балаларды тәрбиелеу арқылы белсенді әрі саналы дамытушы әрекетке тарту;

тәрбиені қоғамдық өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен және тәрбиеленушінің өмірімен байланыстыру;

әлеуметте тәрбиені жүзеге асыру;

тәрбиеленушіні жағымды қасиеттерге тәрбиелеу;

тәрбиелеу процесінде педагогикалық басшылық етуді тәрбиеленушілердің дербестігімен үйлестіру.

Ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың белсенді әрекеттер мен тәжірибе арқылы үйренуі оларға тән ерекшеліктер болып табылады. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметі ойын түрінде өткізілуі қажет.

Балалармен қазақ тілі сабақтарын өткізуде қойылатын педагогикалық талаптар:

педагогтің балалармен мейірімді қарым-қатынас жасауы (баланы дұрыс жауап бермегені үшін жазалауға болмайды);

әр балаға сабақта кез-келген қызықты және түсінікті әрекетті қамтамасыз ету;

балалардың оқу процесіне қызығушылығын қолдау мақсатында сабақтарда оқытудың ойын әдістері мен дидактикалық ойындарды кеңінен қолдану;

тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру (сабақ сайын);

баланың кез-келген жетістіктерін көтермелеу.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мемлекеттік тілді меңгерудің таптырмас құралы болып табылады. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау, өзара ынтымақтастық, бірлескен әрекетке түрткі болуы тиіс.

Педагог балаларға қарым-қатынас дағдыларын көрсетуі қажет, яғни балалармен сөйлескенде қарым-қатынас әдістерін көрсетуі, сұхбаттасушының сезімдерін еске салуы, өзге адамдарға сыпайылықпен жүгіну ережелері туралы айтуы керек.

## **ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫН МЕНГЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

Мектепке дейінгі кезең қазақ тілін үйрену үшін қолайлы болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында «Қатынас» білім беру саласы айналасындағылармен вербалды және вербалды емес құралдармен қарым-қатынас жасауға қабілетті, ана тілінде әлеуметтік-мәдени өзара ықпалдастыққа дайын тәрбиеленушілерге мемлекеттік тілдің базалық құндылықтарын меңгертуге бағытталған. Балаға ана тілін (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтардағы жергілікті ұлт балалары үшін) үйренуге ерте мүмкіндік беріп, яғни қолайлы сөйлеу ортасы құрылса, балаларға тілді меңгерту жұмысы мақсатты түрде ұйымдастырылса, нәтижесі де сәтті және тиімді болады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне қазақ тілін оқыту арнайы ұйымдастырылған сабақтарда өткізіледі:

ортаңғы топ (3 жастан бастап) - аптасына 1 сағат;

ересек топ (4 жастан бастап)- аптасына 1 сағат;

мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) - аптасына 2 сағат.

Қазақ тілі сабақтары балалардың жас, психофизикалық ерекшеліктерін және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланады.

Педагог қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы туралы мәліметтер береді. Балалар ұлттық мерекелермен, салт-дәстүрлермен, ұлттық тағамдармен, киімдермен, халық және әдеби ертегілердің кейіпкерлерімен танысады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне қызығушылық пен құрметке баулу үшін тәрбиеленушілермен сабақтарды ойын түрінде - саяхат, саусақ, үстел үсті театрларын қолдана отырып, театрландырылған қойылымдар түрінде өткізуге болады. Ауызекі сөйлеуді, дыбыстарды анық айтуды дамыту үшін: мнемосызбалар, мнеможолдар, сөз ұйқастары, санамақтар, тақпақтар,

сергіту сәттерін қолдануға болады. Сергіту сәттері тек шаршағанды басып қана қоймайды, сондай-ақ зейін мен есте сақтау қабілетін дамытады.

Әрбір ҰОҚ «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіруге құрылуы тиіс.

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға қарапайым әндер айтқызуға, халық ойындарын ойнатып, қазақ халық ертегілері бойынша қуыршақ қойылымдарын көрсетуге болады.

Білім беру салаларының өзара байланысы балалардың көркем қабылдауын дамытуға, өз елінің тарихы мен мәдениетіне қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мысалы, «Отбасы» өтпелі тақырыпта мектеп жасына дейінгі ересек балаларға домбыра үнін тыңдау және әуезді әндерді («Балапан», «Тәйтәй», «Әлди-әлди») тыңдау және орындау, ұлттық ою-өрнекпен тұрмыста қолданылатын заттарды немесе киімдерді әшекейлеу ұсынылады. Білім беру салаларын кіріктіру балаларды халық шығармашылығына баулуға және сөздік қорды байытуға ықпал етеді.

Осылайша, мемлекеттік тілді меңгеру барысында тәрбиеленушілер бір мезгілде қазақ халқының музыкалық және көркем мұрасына тартылады. Балаларды ұлттық мәдениетке баулу тарихты құрметтеу, патриотизмге тәрбиелеу, өз Отанын мақтан ету сияқты қасиеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді.

Түрлі жас топтарында қазақ тілін оқыту бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

### **ортаңғы топ (3 жастан бастап)**

осы жастағы балалар қазақ тілінде айтылған сөздерді қабылдай алады және біртіндеп қойылған сұрақтарға жауап беруге үйренеді. Балаларға жеңіл сөз ұйқастары мен тақпақтар үйрету ұсынылады.

3 жастан бастап балаларға мемлекеттік тілді үйретудің мақсаты инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады.

Міндеттері:

өздігінен сөйлеуге сұранысын қалыптастыру;

балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту;

дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту;

Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;

қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.



Артикуляциялық аппаратты дамыту жұмыстарын жалғастыру. Дауыс күші мен сөйлеу қарқынын дамыту: баяу және жылдам, қатты және ақырын сөйлеуге үйрету.

Сөздік қор:

1) күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну (әке, ана, ата, әже, апа, аға және т.б.), кейбір тұрмыстық заттардың, көкөністер мен жемістердің, жануарлардың, апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру;

2) заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен әрекет етуді білдіретін сөздерді айта білуге баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы:

1) сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға жаттықтыру;

2) 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуді және жиі қолданылатын сөздермен сөйлем құрауға үйрету;

3) жай сөйлемдер құрастыруға үйрету;

4) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?);

5) зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу:

1) қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, жай сөйлемдер құруды, 2-3 сөйлеммен жақын маңдағы заттарға, ойыншықтарға, жемістерге шағын сипаттама беруге үйрету;

2) шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.

Күтілетін нәтижелер:

- таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;

- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады;

-туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, апта күндерінің, ай атауларын, жыл мезгілдерін айтады және түсінеді;

- заттардың түсін, көлемін, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтады;

- қарапайым сұрақтар қояды және оған жауап береді;

-2-3 сөйлеммен заттарға, ойыншықтарға, жемістерге қысқа сипаттама береді;

- шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтарды тыңдайды, түсінеді және мазмұндайды;

-қазақ тілінде жай сөйлемдер құрастыра алады.

### **Ересек топ (4 жастан бастап)**

4 жастан бастап балаларға мемлекеттік тілді үйретудің мақсаты әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру .

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;

Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;

балалар әдебиетіне қызығушылықты дамыту.

Мазмұны:

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;

2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.

Сөздік қор:

1) тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, жануарлар, құстар, адамның дене мүшелерін және табиғат құбылыстарын білдіретін атауларды дұрыс айту және сөздердің мағыналарын түсіну дағдыларын қалыптастыру;

2) заттардың сынын, санын білдіретін сөздерді айта білуге үйрету;

3) 5-ке дейін тура және кері санауға жаттықтыру;

4) күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Тілдің грамматикалық құрылымы:

1) 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуге үйрету және сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруға жаттықтыру;

2) зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу

Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді үйрету, қарапайым мәтіндерді, тақпақтарды тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұнын айтып беруге, тақпақтарды жатқа айтып беруге машықтандыру.

1) өзі туралы білуін (аты, тегі, жасы);

2) өзінің отбасы туралы әңгімелеп беруін;

3) айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту дағдыларын (Сәлеметсіз бе?, Сау болыңыз!, Рахмет! және т.б.);

4) педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар мен суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;

сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады;

кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың, адамның дене мүшелерінің, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді айтады және түсінеді;

заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтады;

5-ке дейін тура және кері санай алады;

таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады;

өзі және отбасы туралы әңгімелеп бере алады;  
айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айтады;

зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады;  
шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдайды, түсінеді және мазмұндайды, жатқа айтады.

педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар мен суреттер туралы шағын мәтіндер құрастырады.

### **Мектепалды топ/сынып (5 жастан бастап)**

5 жастан бастап балаларға мемлекеттік тілді үйретудің мақсаты ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, мемлекеттік тілді білу.

Міндеттері:

коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға және естуге, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау;

қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу;

әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

1) күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

2) тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.

Сөздік қор:

1) күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (ыдыс-аяқ, жиһаз) атауларын білдіретін сөздерді, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын, ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;

2) заттың атын, санын, сынын, қимылын (түс, көлем) білдіретін сөздерді айтуға және мағынасын түсінуге үйрету;

3) 10-ға дейін тура және кері санауды жаттықтыру.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөз тіркестерін түсінуге үйрету және сөздерді байланыстыруға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу:

1) қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру, диалогке қатысуға, затты 2-3 сөйлеммен сипаттауға үйрету;

2) заттар туралы қысқа мәтіндер құрастыруға дағдыландыру;

3) мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар айтуға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;

сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады;

күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (ыдыс-аяқ, жиһаз), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын атайды және түсінеді, ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді айтады және түсіну дағдылары қалыптасқан;

заттардың сынын (түс, көлем) білдіретін сөздерді айтады;

10-ға дейін тура және кері санайды;

таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады;

өзінің мекен-жайын (қала, ауыл) біледі, Отан туралы айтады;

заттар туралы қысқа мәтіндер құрастырады;

диалогке қатысады.

Педагогикалық қызметті жоспарлауда педагог баланың антропогендік өмір сүру жағдайларын, жеке жағдайларын, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеу іске асырылатын әлеуметтік-мәдени жағдайларды ескеруі, осы процесті жүзеге асырудың мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдерін сәйкестендіруі маңызды болып табылады.

Мемлекеттік тілді үйретуді педагог балаларды күні бойы: ойындарда, режимдік сәттерде, серуенде лексикалық бірліктер мен сөйлеу үлгілерін қолдануға белсенді түрде ынталандырады.

Қазақ тілін үйретуде балаларға бұрын үйренген санамақтарды, тақпақтар мен әндерді қолдана отырып, артикуляциялық гимнастика және сергіту сәттерін ұйымдастыру ұсынылады. Сөздерді айтуға жаттықтыру және артикуляциялық гимнастика сөйлеу мүшелерінің қимылын дамытуға ықпал етеді, балаларды қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырады және педагог дыбыстарды айтқан кезде балалардың назарын оның бет-әлпетіне, артикуляциялық аппаратына аударуына септігін тигізеді. Балаларға түсінікті, қарапайым ұйқас жолдарды табу әрдайым мүмкін болмайды, сондықтан сабақта педагог өзі шығарған ұйқас жолдарды қолдануына болады. Мысалы, «қ» дыбысын дұрыс айту үшін:

Кел, кел балақан

Шапалақта алақан.

«Ү» дыбысына: Жүгір кәне күнім,

Тосып отыр інің.

«Ә» дыбысына: Әсет келді эне

Көрсет өнер қәне.

Тіл, әдетте, тыңдау арқылы емес, сол тілде сөйлеу арқылы үйретіледі. Сөйлесу үшін балаға серіктес керек, сондықтан педагог үнемі сабақта жағдаяттар, қол жетімді дидактикалық материалдар қолдану арқылы баланы қазақ тілінде сөйлеуге ынталандыруы тиіс.

Мерекелерге дайындалу, оны ұйымдастыру және өткізу баланың сөздік қорын кеңейтуге септігін тигізеді, тілді одан әрі үйренуге ынталандырады, жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады.

Еркін және достық, ойын атмосферасында өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтері, іс-шаралар арқылы балалар өзіне деген сенімділікке ие болады, олардың өзін-өзі бағалауы артады, олар оқу өте қызықты екеніне көз жеткізеді.

ҰОҚ-ін басқа білім беру салаларымен кіріктіру сөздік қорды және әлеуметте қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін тиімді кеңейтуге ықпал етеді.

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ**

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары аясында көзделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің» 26 тармағында: «Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы»-деп атап көрсетілген. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде ойын арқылы оқытуға ерекше мән берілуі керек.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды:

- ойын арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамытуды басшылыққа алу ұсынылады.

Қазақ тілі ұйымдастырылған оқу қызметінің (бұдан әрі - ҰОҚ) басынан бастап соңына дейін алдын-ала жоспарланған ойын түрімен өткізуге немесе ойынды өткен материалды бекітуге қолдануға да болады. Ол үшін тәрбиеші ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбына сәйкес ойынды алдын-ала таңдауға немесе өз бетінше құруға, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, оны түрлендіруіне болады.

Сондай-ақ, ҰОҚ-ін үнемі тек топ бөлмесінде (сыныпта) үстел үстінде ғана емес, ойын алаңында, сонымен бірге балалар үшін жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін маңызды кезең. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады.

Бастапқы кезеңде орыс тілінде оқытылатын топтарға қазақ тілін оқыту барысында лексикалық, грамматикалық және фонетикалық дағдыны қалыптастыруға назар аудару қажет. Осы дағдылар қалыптаспаса балалар анық айтуды және тілдің сөйлеу қалпын сақтай алмайды.

Қазақ тілінде сөйлеу күнделікті әртүрлі тұрмыстық жағдайда ұйымдастырылған оқу қызметі процесінде және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолдануда жүзеге асырылады. Театр әрекеті, сүйікті ертегілердің ерекше үзінділерін сахналау, кейіпкерлер рөлінде ойнау

грамматикалық құрылымды және жүйелі сөздің дамуына мүмкіндік туғызады. Сөздік қорды молайтуда, ауызекі сөйлеуді дамытуда заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ететін заттық-дамытушы ортаны қалыптастыру қажет. Педагогтің міндеті – балалардың қызығушылықтарын арттыру, оқу әрекеті барысында әр баламен сөйлесу болып табылады.

Заттық-дамытушы ортада көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады. Күнделікті үйренген жаңа сөздердің баланың серуен кезінде, ойын уақытында қолдануы тәрбиешінің қарым-қатынас жасауы арқылы жүзеге асырылады. Түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады.

Сонымен қатар, қазақ тілін үйретуде мемлекеттік тілді дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерімен таныстыру ұсынылады.

Қазақ тілін үйретуде мына әдістер бір-бірімен байланыста қолданылады:

1. Сөздік әдістер: әңгімелесу, мазмұндау, түсіндіру, көркем мәтінді оқу, жаттау, әңгімелеу, әңгімелеп беру;

2. Көрнекілік әдістер: саяхат, заттар мен суреттерді, айналаны бақылау, теледидар, компьютер материалдары; тірек-сызбалар және т.б.

Сөздік қорды дамыту жұмысы балалардың белсенді түрде қолданатын сөздерінің санын арттыруды көздей отырып жүргізіледі. Әр сабақтың тақырыбы мен мақсатына сәйкес педагог тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алады.

Мысалы, «Отбасы» тақырыбына әңгімелесу әдісімен жүргізілген ҰОҚ-де суреттер қарастыру, «Отбасы» сюжетті-рөлдік ойынын ойнату және т.б. тәсілдер болып табылады. Қазақ тілін үйретуде әңгімелесу әдісі мен көрнекілік әдісі бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Педагог барлық қажетті заттарды, құбылыстарды балалармен бірге бақылай отырып, «Мынау не?», «Мынау кім?» деген сұрақтар қойып бекітіп отырады, «Мынау» сілтеу есімдігін көрсетіліп тұрған нысанмен тіркестіріп айтқызу (Мынау-орындық).

Сөйлесу, әңгімелесу арқылы ұйымдастырылатын ойындар барысында тәрбиеші сұрақтарды балалар түсінетіндей етіп қоюы тиіс. Қуыршақтармен ойнауға құрылған «Қуыршақтың бөлмесін жабдықтайық», «Қуыршақты киіндірейік» сияқты «Отбасы» тақырыбына қатысты ойындарды қазақ қуыршақтарымен жабдықталған бұрыштарда киіз үй ішінде ұйымдастыру балалардың ұлттық салт-дәстүр, тұрмыстық ерекшеліктер туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қызыға қатысатын сабақтары – дидактикалық ойындарға құрылған сабақтар. Мысалы, «Сөздерден моншақ тізейік», «Қ» (ғ) дыбысынан басталатын сөздерді атап шығамыз», «Сөз ойла, тез ойла», «Не бар, не жоқ?», «Мынау ненің баласы?» т.б. сөздік ойын

жаттығуларды және лексикалық жаттығу тапсырмаларды сабақта да, сабақтан тыс уақыттарда қолдануға болады.

Заттармен (зат есіммен) бірге балалар олардың белгілерімен (сын есіммен), іс-әрекеттерімен (етістікпен), іс-әрекет белгілерімен (үстеумен), санымен (сан есіммен), оларға қатысына қарай барлық есімдіктерді меңгереді. Баланың лексиканы меңгеруі зат есімді меңгеруден басталады. Ол өзін қоршап тұрған заттың бәрін, сондай-ақ өзінің дене мүшелерін атайды.

*Қазақ тілін оқыту барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:*

– тілді үйретуде сөзді ынтамен тыңдауды және айтуды, түсінуді қалыптастыру;

– қазақ тілін меңгерту ойын әрекеті негізінде құрылуы керек.

Айтылымды жетілдіру, сөздерді есту арқылы сөйлеуін жетілдіру үшін мынадай әртүрлі тәсілдер қолданылады:

– педагогтің айтуына еліктеп, дыбыстар мен сөздерді дұрыс айту;

– сөйлемдерді әр түрлі интонациямен (қуана, ренжулі, немқұрайлы) айту бойынша шығармашылық тапсырмалар беру.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен қазақ тілін үйрену барысында тілдің дыбыстық мәдениетін меңгеру – балалардың белсенді сөздік қорын толықтырады, қарым-қатынас аясын кеңейтеді.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Қазақ тілін меңгертудің маңызды шарттарының бірі қызықты, мазмұнды және дамытушы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

Қазақ тілін үйретудің мазмұны мен мақсаттарына сәйкес келетін жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагог ұйымдастыратын әртүрлі білім беру технологиялары тәрбиеленушілердің коммуникативтік даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Тәрбиеленушілердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру үшін әртүрлі ойын технологиялары қолданылады. Баланың өмірінде ойын маңызды орын алады. Ойын арқылы ол әлемді таниды.

Балаларға қазақ тілін үйрету кезінде ойын түрлері қолданылады:

шығармашылық ойындар топтық сипатқа ие, топтардағы шығармашылық ойындар қоғамдағы қатынастардың мәнін көрсетеді, олар, рөлдік ойындар, драматизациялау ойындары, режиссерлік және сюжеттік рөлдік ойындар;

дидактикалық;

дамытушы;

сұхбат-ойын.

Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тапсырмаларды, шығармашылық ойындар мен өлеңдерді, санамақтарды, мақал-мәтелдерді

қолдану қазақ тілін үйрету процесінің қызықты әрі нәтижелі болуына ықпал етеді.

Дамытушы ойындар баланың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Ойын барысында сөйлеу дағдылары, ойлауы, қиялы, бақылағыштығы дамиды. Оқу тапсырмалары бар ойындар лексикалық материалды өңдеуге, бекітуге, белсендіруге көмектеседі.

Балаларды қарапайым сөйлемдерді дұрыс айтуға, сөздерді сауатты құруға үйрете отырып, әртүрлі құралдарды: суреттер, тірек сызбалары, мнемокестелер, фотосуреттер қолданған жөн, бұның бәрі балалар үшін білім беру процесін қызықты етеді.

Білім беру процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады.

Қазіргі уақытта әлем пандемияға ұшыраған кезде, оқыту жаңа форматқа-қашықтан оқытуға көшті. Сондықтан әр сабақ АКТ көмегімен өткізіледі. Презентацияларды тақырыпты зерделеудің кез-келген кезеңінде және сабақтың кез-келген бөлігінде: жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, бақылауда қолданған орынды. Бұл жағдайда бала берілген білімді жақсы қабылдайды, бұл ақпаратты тек фактографиялық ғана емес, сонымен қатар ассоциативті түрде балалардың есте сақтауына мүмкіндік береді.

Теледидар немесе компьютер арқылы көрсетілетін сиқырлы анимациялық әлемнің кейіпкерлері баланы қазақ тілінде сөйлеуге үйретеді. Мұндай жағдайда оқыту процесі тура байланыс түрінде өтеді: балалар сөзді естиді, кейіпкерлерді көреді, олармен бірге ән айтады, билейді.

Мультимедиялық бағдарламалар негізінде интерактивті оқыту әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық қағидаларды толық кешенді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оқу процесінің шығармашылықпен қызықты өтуіне септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі білім беруде АКТ қолдану педагогтің шығармашылық қабілеттерін кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл балалардың тәрбиесіне, оқуына және дамуына оң әсер етеді.

Денсаулық сақтау технологияларын балаларға қазақ тілін үйретуде белсенді қолдану қажет. Қазақ тілінде сергіту сәттерін өткізу, баланың ақыл-ойына күш түсірмеуге және эмоционалды күйзелісті болдырмауға ықпал етеді. Сергіту сәттері балалардың зейінін бір әрекет түрінен екінші әрекетке шоғырландыруға мүмкіндік береді, зейін мен жұмысқа деген қабілетін арттыруға, ұсақ моториканы дамытуға ықпал етеді және тақырыптар бойынша лексикалық, грамматикалық материалдарды белсендіруді қамтамасыз етеді. Серуендеу кезінде ұлттық қимылды ойындарды өткізу физикалық қасиеттерді (ептілік, шыдамдылық) қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар баланың белсенді сөздік қорын байытуға да ықпал етеді.

Халық ойындарының қазынасы болып табылатын санамақтар ұлттық ерекшеліктерге және ұлттық тәрбие міндеттеріне сәйкес келеді.



Ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану баланы оқыту мен дамыту процесін барынша тиімді етеді, балаларды жалықтырмайды, оларды ерте дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ тікелей қарым-қатынас жасау арқылы қазақ тілін түсінуге үйретеді.

Осылайша, «Қазақ тілі» сабақтарында және режимдік сәттер барысында түрлі инновациялық технологияларды қолдану баланың қоршаған орта туралы білімі мен түсініктерін айтарлықтай кеңейтуге, танымдық процестерді (ойлау, есте сақтау, қабылдау) дамытуға, физикалық қасиеттерді (тапқырлық, ептілік) және қазақ ұлттық мәдениеті негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

## **БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҮЙРЕТУ ПРОЦЕСІНДЕ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің сөйлеуін дамытуда ата - аналармен тығыз қарым-қатынас жасау негізгі жағдай болып табылады. Өйткені, отбасы-қоғамның негізі, ұлттық дәстүрлерді сақтаушы.

Балабақша мен отбасының өзара ықпалдастығы балалардың қазақ тілін толық меңгеруінің қажетті шарты болып табылады, педагогтер мен ата – аналардың өзара ықпалдастығы арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының қазақ тілін меңгеру мәселелеріндегі ынтымақтастығының негізгі міндеттері:

жұмыстың неғұрлым тиімді нысандарын іздестіру және енгізу арқылы балаларға мемлекеттік тілді үйрету процесіне ата-аналарды қатысуға баулу;

тәрбиеленушілерді қазақ халқының ұлттық құндылықтарына баулу бойынша отбасылық тәрбиенің үздік тәжірибесін зерделеу және қорыту;

әрбір отбасында мектеп жасына дейінгі балалардың қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Тәрбиелеушілердің отбасыларымен өзара ықпалдастықтың негізгі түрлері:

1) ата-аналарға педагогикалық білім беру;

отбасында ата – аналардың қазақ тілін үйренуге деген пікірін анықтайтын сауалнама – ата-аналардың сұраныстарын зерделеу, жұмысты жоспарлау.

лексикалық тақырыптарды зерделеу;

▪ «Қазақ тілін үйренеміз» бұрышы (отбасында қазақ тілін үйрену бойынша қазақ тілі мұғалімінің ұсыныстары, ата-аналармен тәжірибе алмасу);

▪ ақпараттық стендтер; ата-аналарға арналған жаднамалар, буклеттер;

▪ жиналыс, кеңес беру, әңгімелесу;

2) ата-аналардың қатысуымен өтетін сабақтар. Ата-аналар мен балалардың бірлесіп орындауына арналған үй тапсырмалары;

«Ұлттық бастаулар» (аға буын өкілдерімен, шығармашылық ата-аналармен қызықты кездесулер);

бірлескен театрландырылған қойылымдар (драматизация ойындары).

3) шығармашылық зертхана.

«Бірге сурет саламыз» - балалар мен ата-аналар орындаған суреттер көрмесі.

4) балалардың бос уақытын ұйымдастыру:

Наурыз мейрамы, балалар мерекелері, туған күндер.

саябаққа, театрға, мұражайларға саяхат .

спорттық және музыкалық ойын-сауықтар: «Біздің ата-әжелеріміздің ойындары» атты халық ойындар кеші (қазақ халық ойындары).

Ата-аналармен осындай жұмыс түрлері кеңінен қолданылады, мұндай жұмыс түрлері ата-аналарға әр баланың жетістіктерін көруге мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы жоспарлы және жүйелі жұмыс ата-аналардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыруға және әрбір отбасында қазақ тілін үйрену бойынша педагогикалық құзыреттілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Кері байланыстың болу қағидатын сақтау-қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастырудағы және тәрбиеленушілерге мемлекеттік тілді үйретудегі аса маңызды шарттардың бірі болып табылады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақстанның болашағы бүгіннен бастау алады. Сондықтан Қазақстанның өскелең ұрпақтарының бойында патриотизм мен азаматтық сезімді тәрбиелеу қажет. Осы сезімдерді тәрбиелеудегі маңызды фактор өз мемлекетінің тілін құрметтеу болып табылады.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету бұл тілдік сана жүйесінің қалыптастырудың күрделі және көп аспектілі процесі.

Балаға екінші тілді үйренуге неғұрлым ертерек мүмкіндік берілсе, нәтиже табысты және тиімді болады. Оларға қол жеткізу үшін педагог негізінен ойын және басқа да инновациялық технологияларды қолдана отырып, ұйымдастырылған оқу қызметін қызықты түрде өткізуі тиіс.

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі-ҰОҚ) бағдарламаның мазмұнын игеру балада коммуникативтік құзыреттілік негіздерін, дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуды қалыптастыруға, негізгі сөздер мен сөздік қорды жинақтауға ықпал етуге мүмкіндік береді.



**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша перспективалық жоспар үлгісі  
ортаңғы топ**

<b>Мерзімі</b>	<b>Өтпелі тақырып</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Ойындар мен қосымша құралдар</b>
Қыркүйе к1- апта	Балабақша	Менің балабақшам	Балаларды өз балабақшалары туралы қазақша айта білуге үйрету. Қимыл әрекеттерді білдіретін сөздермен таныстыру.(кел, отыр, бар, тұр, ал, әкел)	«Менің балабақшам» постері «Балабақша» сюжетті-рөлдік ойын
2- апта		Менің достарым	Балаларды достарының аттарын, олар туралы қысқаша айта білуге үйрету.	Түрлі-түсті суреттер. «Дос болайық бәріміз» ойын
3- апта		Менің ойыншықтарым	Балаларды өз ойыншықтары атап айта білуге баулу. Ерекше дыбыстармен таныстыру	«Ойыншықтар» постері «Ойыншықтар дүкені» дидактикалық ойын
4 – апта		Жиһаздар	Балаларды топтағы жиһаз түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Өз бөлмелеріндегі жиһаздарды атай білуге үйрету.	«Менің бөлмем» постері «Ұқсас затты тап» дидактикалық ойын
Қазан 1- апта	Менің отбасым	Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	Өз отбасы мүшелерінің аттарын атай білуді үйрету. Дыбыстық жаттығуларды қайталау.	«Менің отбасым» постері «Отбасы мүшелерін атап бер» дидактикалық ойын

2- апта		Менің көшем	Балаларды өздері тұратын көше атауын айта білуге үйрету. Қазақша сыпайы сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу.	Түрлі-түсті суреттер. «Айырмашылығын тап» дидактикалық ойын
3- апта		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерінің қазақша атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді жаттату. Сөздік қорларын молайту.	«Қауіпсіздік ережелері» сюжетті сурет «Не өзгерді?» дидактикалық ойын
4 – апта		Алтын күз	Күзгі мезгілі туралы қазақша қысқаша айта білуге үйрету. Күз айлары атауларын жаттату.	Түрлі-түсті плакаттар. «Алтын күз» постері Дидактикалық ойын: «Жемістерді себеттерге салайық»
Қараша 1- апта	Дені саудың жаны сау	Өзім туралы	Балаларға өз аты-жөндерін айтқызып үйрету. Қазақша дыбыстық жаттығуларды қайталау.	Түрлі-түсті суреттер. Саусақ ойыны: «Қуырмаш»
2- апта		Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Қазақша тағам түрлерімен таныстыру. Дәрумендер атауларын үйрету. Жаңа сөздерді меңгерту.	«Супермаркет» постері. «Көкөністерді жинайық» дидактикалық ойын
3- апта		Өзіңе және өзгелерге көмектес	Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту.	«Біз көмекшіміз» постері «Біздің көңіл-күйіміз» ойын
4 – апта		Біз күштіміз, ептіміз	Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік бер. Қазақша сөйлем құрастыра білуге үйрету.	Дидактикалық карточкалар. Дидактикалық ойын «Ғажайып капшық»
Желтоқсан 1- апта	Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат	Қазақстанның тарихи жерлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту.	Түрлі-түсті суреттер. Қысқа метражды бейнебаян «Суретті құрастыр» дидактикалық

				ойын
2- апта		Туған өлкем	Балаларға өз өлкесі, туған жерін қазақша атай білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту.	Түрлі-түсті суреттер. «Не артық?» дидактикалық ойын
3- апта		Нұр-Сұлтан - Отанымыздың жүрегі	Нұр-Сұлтан қаласы туралы өлең тақпақтар үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру танымдық білімдерін кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру.	«Астана - елорда» түрлі-түсті суреттер, буклет. «Сиқырлы сандық» дидактикалық ойын
4 – апта		Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	ҚР Тұңғыш Президентін атай білуге үйрету. Мемлекеттік рәміздердің атауларын жаттату.	«Менің Отаным» постері. «Суретті таңда» дидактикалық ойын
Қаңтар 1- апта	Табиғат әлемі	Айналамыздағы өсімдіктер	Балаларға айналамызда қоршаған табиғат, өсімдіктер туралы екі тілде әңгімелеу, түсінік беру. Сөздік қорларын молайту.	Түрлі – түсті суреттер. «Жапырақтарды жинайық» дидактикалық ойын
2- апта		Жануарлар әлемі	Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың қазақша атауларымен таныстыру.	«Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар» постерлері, «Үй жануарларын атап бер» дидактикалық ойын
3- апта		Құстар – біздің досымыз	Құстардың қазақша аттарын жаттату. Интерактивті оқыту құралы көмегімен құстардың дыбыстарын тыңдату.	«Құстар» постері «Құстардың бейнелерін құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Ғажайып қыс	«Қыс» тақырыбына байланысты қазақша сөздермен таныстыру. Қыс айлары атауларын жаттату.	«Қыс қызығы» постері. «Сөз ойла» дидактикалық ойын

Ақпан 1- апта	Бізді қоршаған әлем	Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)	Балаларды табиғат түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Түрлі-түсті суреттер «Табиғатты қорғау» сюжеттік рөлдік ойын
2- апта		Көліктер	Көліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді анық айтуға жаттықтыру. «мынау не?» деген сұраққа жауап беруге үйрету.	«Көліктер» постері «Жасырынған көлікті ата» дидактикалық ойын
3- апта		Электроника әлемі	Балаларды электроника әлемінің қазақша атауларымен таныстыру. Жаңа сөздерді жаттату.	«Электроника әлеміне саяхат» дидактикалық ойын
4 – апта		Мамандықтың бәрі жақсы	Балаларға балабақшадағы маман иелерінің қазақша атауларымен таныстыру.	«Мамандықтар» постері. «Сөйлемді аяқта » дидактикалық ойын
Наурыз 1- апта	Салттар мен фольклор	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері	Қазақша салт-дәстүрлердің атауларымен таныстыру. Балаларды қатыстыра отырып ұлттық салт-дәстүрлерді көрсету	Түрлі-түсті буклеттер «Киіз үй жиһаздары» дидактикалық ойын
2- апта		Ертегілер елінде. Театр әлемі	Қазақтың халық ертегілерімен таныстыру. Қазақша сыпай сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу.	«Қазақ халық ертегілері», «Қазақ эпосы», «Алдаркөсенің басынан кешкендері» қазақша дискілер жинағы «Ерте ерте ертеде.....» дидактикалық ойын
3- апта		Өнер көзі халықта	Балаларды қазақтың халық өнерімен таныстыру. Қазақша атауларды үйрету. жаңа сөздерді жаттату.	«Қазақтың халық өнері» энциклопедиясы «Сырмақ» дидактикалық ойын
4 – апта		Нұр төккен, гүл көктем	Көктем мезгілі мен көктем айлары	«Көктем», «Құстар» постерлері.

			атауларын жаттату. Көктем туралы қысқаша сөз тіркестерін үйрету.	«Көктем мезгілі» дидактикалық ойыны
Сәуір 1- апта	Біз еңбекқор баламыз	Аялайық гүлдерді	Балаларға гүлдерді, олардың түрлерімен таныстыру. «Үй және дала гүлдерін көрсетіп» қазақша атауларын үйрету.	«Үй және дала гүлдері» сюжетті суреттер «Гүл шоғында не артық» дидактикалық ойын
2- апта		Ас атасы-нан	Балаларды нан, нан өнімдерінің қазақша атауларымен таныстыру, қазақша атауларды жаттату.	«Тағамдар» постері «Нан атаулары» дидактикалық ойын
3- апта		Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	Балаларды жәндіктердің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту	«Жәндіктер» постері «Ойлан тап» дидактикалық ойын
4 – апта		Еңбек бәрін жеңбек	Балаларды еңбек түрлерінің қазақша айтылуын үйрету. сөздік қорларын молайту.	«Біз көмекшіміз» постері. «Еңбек атаулары» дидактикалық ойын
Мамыр 1- апта	Әрқашан күн сөнбесін!	Достық-біздің тірегіміз (халықтар достығы)	Қазақстан мемлекетінің көп ұлттылығын ұғындырып, түсіндіру; сөздік қорларын молайту, тіл мәдениетін жетілдіру	Түрлі-түсті плакат «Менің достарым» дидактикалық ойын
2- апта		Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)	Балаларға жеңіс туралы әңгімелеу. Қазақ батырларының есімдерін жаттатқызу. Қазақша атаулардың дұрыс айтылуын қадағалау.	«Біздің батырлар» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу. «Сөз ұйқастыр» дидактикалық ойыны
3- апта		Көңілді жаз	Балаларға жаз мезгілі, жаз айларының атауларын жаттату. Жаз мезгілі туралы қысқаша сөз тіркестерін айта білуге үйрету.	«Жаз мезгілі» постері. «Бұл қай кезде болады» дидактикалық ойыны
4 – апта		Мен жасай аламын	Балалардың қазақ тілі сабағында алған	Үлгілік материалдар



			білімдік, шеберлік, икемділік дағдыларына деңгейлік бақылау жүргізу.	
--	--	--	--	--

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша перспективалық жоспар үлгісі  
ересектер тобы**

<b>Мерзімі</b>	<b>Өтпелі тақырып</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Ойындар мен қосымша құралдар</b>
Қыркүйек 1- апта	Балабақша	Менің балабақшам	Балаларды балабақша туралы қазақша айта білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру;	Дидактикалық ойын, «Әңгімелеп бер»
2- апта		Менің достарым	Балаларды достарының аттарын, олар туралы қысқаша айта білуге үйрету.	Түрлі-түсті суреттер. «Досыма достық лебізім» дидактикалық ойын
3- апта		Менің сүйікті ойыншықтарым	Топтағы ойыншықтардың қазақша атауларымен таныстыру. Балаларды сүйікті ойыншықтарын атай білуге үйрету.	«Ойыншықтар» постері «Не артық?» дидактикалық ойын
4 – апта		Жиһаздар	Балаларды топтағы жиһаз түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Өз бөлмелеріндегі жиһаздарды атай білуге үйрету.	«Менің бөлмем» постері «Жиһаз дүкені» сюжеттік-рөлдік ойын
Қазан 1- апта	Менің отбасым	Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	Өздерінің отбасы мүшелерін атай білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге	«Менің отбасым» постері «Мына үйде кім тұрады?» дидактикалық ойын

			үйрету;	
2- апта		Менің көшем	Балаларды өздері тұратын көше атауын айта білуге үйрету. Қазақша сыпайы сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу.	Түрлі-түсті суреттер. «Көше» сюжеттік-рөлдік ойын
3- апта		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерінің қазақша атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді жаттату. Сөздік қорларын молайту.	«Қауіпсіздік ережелері» сюжетті сурет «Бағдаршам» дидактикалық ойын
4 – апта		Алтын күз	Күз мезгілі, күз айларының қазақша атауларын жаттату. Қазақша көмекші есімдерді қолдана білуге үйрету	«Алтын күз», «Жемістер», «Көкөністер» постерлері «Алма теру» дидактикалық ойын
Қараша 1- апта	Дені саудың жаны сау	Өзім туралы	Балаларға өз есімдерін қазақша айтқызып үйрету. Аты-жөндерін толық айта білуге дағдыландыру.	Дидактикалық карточкалар. «Есімің кім?» дидактикалық ойын
2- апта		Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Интерактивті құрал көмегімен тағамдардың қазақша атауларын жаттату. Дәрумендер атауларымен таныстыру.	«Тағамдар» постері «Менің дәмді достарым» дидактикалық ойын
3- апта		Өзіңе және өзгелерге көмектес	Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту.	«Біз көмекшіміз» постері «Біз еңбекқор баламыз» дидактикалық ойын
4 – апта		Біз күштіміз, ептіміз	Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік бер. Қазақша сөйлем құрастыра білуге үйрету.	Дидактикалық карточкалар «Сөйлемді аяқта » дидактикалық ойын
Желтоқсан 1- апта	Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат	Қазақстанның тарихи жерлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту.	Түрлі-түсті суреттер. Қысқа метражды бейнебаян
2- апта		Туған өлкем	Балаларды табиғат аясындағы заттарға қамқорлық жасауға баулу, тақырыпқа сай	«Табиғат аясында» көрнекті суреттер «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойын

			қазақша сөйлем құрастыра білуді үйрету	
3- апта		Нұр-Сұлтан - Отанымыздың жүрегі	Нұр-Сұлтан қаласы туралы өлең тақпақтар үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру танымдық білімдерін кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру.	«Астана - Елорда» түрлі-түсті суреттер, буклет. «Менің сүйікті қалам» дидактикалық ойын
4 – апта		Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	Балаларға Қазақстанның тәуелсіздігі туралы қазақша өлеңдер мен әндер жаттату. Елбасымыз, мемлекеттік рәміздер туралы айта білуге үйрету.	«Менің Қазақстаным» постері. «Тәуелсіз Қазақстан» өлең және ән айту
Қазан 1- апта	Табиғат әлемі	Айналамыздағы өсімдіктер	Балаларға айналамызда қоршаған табиғат, өсімдіктер туралы екі тілде әңгімелеу, түсінік беру. Сөздік қорларын молайту.	Түрлі – түсті суреттер. «Құлпырған әлем» дидактикалық ойын
2- апта		Жануарлар әлемі	Балаларға үй және жабайы жануарлардың қазақша атауларымен таныстыру. Дыбыстық жаттығулар жасату.	«Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар» постерлері. «Менің сүйікті жануарым» сюжеттік-рөлдік ойын
3- апта		Құстар – біздің досымыз	Құстардың қазақша аттарын жаттату. Интерактивті оқыту құралы көмегімен құстардың дыбыстарын тыңдату.	«Құстар» постері «Құстарды ажырат» дидактикалық ойын
4 – апта		Ғажайып қыс	Қыс мезгілі, қыс айларының қазақша аттарын жаттату. Балаларға қысқы еңбек жайлы айту. Қазақша қысқаша әңгімелей білуге үйрету.	«Қыс қызығы» постері «Қыс айлары» дидактикалық ойын
Ақпан 1- апта	Бізді қоршаған әлем	Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)	Балаларды табиғат түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Түрлі-түсті суреттер «Атын атап бер» дидактикалық ойын

2- апта		Көліктер	Балаларды көлік түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайту.	«Көліктер» постері «Мен бастаймын сен жалғастыр» дидактикалық ойын
3- апта		Электроника әлемі	Балаларды электроника әлемінің қазақша атауларымен таныстыру. Жаңа сөздерді жаттату.	«Электроника әлемінде» сюжеттік-рөлдік ойын
4 – апта		Мамандықтың бәрі жақсы	Балабақшадағы мамандардың қазақша атауларын түсіндіру, жаттату. Қазақша дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.	«Мамандықтар» постері. «Мамандықты ата» дидактикалық ойын
Наурыз 1- апта	Салттар мен фольклор	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері	Балаларға достық туралы екі тілде түсінік беру. Ұлттар достығын ұғындырып, түсіндіру. Ұлттық киім түрлерімен, олардың қазақша атауларымен таныстыру, атауларын дұрыс айтуға баулу.	Түрлі-түсті плакат «Менің досым» дидактикалық ойын
2- апта		Ертегілер елінде. Театр әлемі	Қазақтың халық ертегілерімен таныстыру. Қазақша сыпай сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу.	«Қазақ халық ертегілері», «Қазақ эпосы», «Алдаркөсенің басынан кешкендері» қазақша дискілер жинағы
3- апта		Өнер көзі халықта	Балаларды қазақтың халық өнерімен таныстыру. Қазақша атауларды үйрету. жаңа сөздерді жаттату.	«Қазақтың халық өнері» энциклопедиясы «Ою өрнектер сыр шертеді» дидактикалық ойын
4 – апта		Нұр төккен, гүл көктем	Көктем мезгілі, көктем айлары атауларын жаттату. Балалардың сөздік қорын сан есім, сын есімдермен толықтыру. Қазақша көмекші есімдерді қолдана білуге үйрету	«Қандай? Қанша? Неше?» сұрақтарына сұрақ-жауап ойынын ұйымдастыру
Сәуір 1- апта	Біз еңбекқор баламыз	Аялайық гүлдерді	Балаларға гүлдерді, олардың түрлерімен таныстыру. «Үй және дала гүлдерін	«Үй және дала гүлдері» сюжетті суреттер

			көрсетіп» қазақша атауларын үйрету.	« Қандай түс?» дидактикалық ойын
2- апта		Ас атасы-нан	Балаларды нан, нан өнімдерінің қазақша атауларымен таныстыру, қазақша атауларды жаттату.	«Тағамдар» постері «Аспазшы» сюжеттік-рөлдік ойын
3- апта		Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	Балаларды жәндіктердің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту	«Жәндіктер» постері «Жәндіктерді ата» дидактикалық ойын
4 – апта		Еңбек бәрін жеңбек	Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту.	«Біз көмекшімін» постері «Еңбекқор біз баламыз» дидактикалық ойын
Мамыр 1- апта	Әрқашан күн сөнбесін!	Достық-біздің тірегіміз (халықтар достығы)	Балаларға достық туралы екі тілде түсінік беру. Балаларға өз ұлттарын айтқызып үйрету.	«Ақ көгершін» әнін жаттату. «Ақпыз, көкпіз, сарымыз» дидактикалық ойын
2- апта		Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)	Балаларға жеңіс туралы әңгімелеу. Қазақ батырларының есімдерін жаттатқызу. Қазақша атаулардың дұрыс айтылуын қадағалау.	«Біздің батырлар» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу. «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойын
3- апта		Көңілді жаз	Балаларды жаз мезгілін қазақша сипаттай білуге үйрету. Күнделікті серуендерде сөздік қорын қолдана білуге дағдыландыру.	«Жыл мезгілдері» дидактикалық карточкалар жиынтығы «Алақай жаз келді» постері. «Біз жазға қонаққа барамыз» дидактикалық ойын
4 – апта		Мен жасай аламын	Балалардың қазақ тілі сабағында алған білімдік, шеберлік, икемділік дағдыларына деңгейлік бақылау жүргізу.	Үлгілік материалдар

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша перспективалық жоспар үлгісі  
мектепалды сыныбы/тобы**

<b>Мерзімі</b>	<b>Өтпелі тақырып</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Ойындар мен қосымша құралдар</b>
қыркүйек 1- апта	Балабақша	Менің балабақшам	Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету Жаңа сөздермен таныстырып тіл байлығын арттыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды таныстырып үйрету.	«Балабақша» сюжетті - сюжетті - рөлдік ойыны
2- апта		Менің достарым	Балаларды өз достары туралы қазақша айта білуге үйрету; өздерінің қай ұлт өкілі екенің айтқызып үйрету; бір- бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.	«Менің достарым» сюжетті - рөлдік ойыны
3- апта		Менің сүйікті ойыншықтарым	Балаларға өздерінің жақсы көретін ойыншық атауларын айта білуге үйрету. қысқаша сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету.	«Ойыншықтар дүкені» сюжетті - рөлдік ойыны
4 – апта		Жиһаздар	Балаларды бөлмедегі жиһаздардың қазақша атауларымен таныстыру;	Дидактикалық карточкалар жиынтығы.

			ұқыптылыққа тәрбиелеу; қазақ тіліне қызығушылығын арттыру.	«Жиһаз дүкені» дидактикалық ойыны
Қазан 1- апта	Менің отбасым	Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	Балаларды отбасы мүшелерінің қазақша атауларын айтқызып үйрету; түсініп, дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. «ә, ө, і» әріптерінің дұрыс айтылуын үйрету.	«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойын
2- апта		Менің көшем	Балаларды өз мекен-жайын айтуға үйрету. Өз көшелерін сипаттап беретін, қысқаша әңгіме құрастыра білуге үйрету.-	Түрлі-түсті қарындаштар, ақ қағаз. «Не қайда орналасқан?» дидактикалық ойын
3- апта		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Балаларды көшеде жүру тәртібімен таныстыру. Қазақша жол ережелерін дұрыс айта білуге дағдыландыру.	«Бағдаршам» сюжетті сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету «Жол белгілері» дидактикалық ойын
4 – апта		Алтын күз	Балаларға күз мезгілі туралы екі тілде әңгімелеу. Күздің белгілері, күзгі ауа-рай туралы жаңа сөздерді жаттату. «ү, ұ» әріптерінің дұрыс айтылуын үйрету.	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын
Қараша 1- апта	Дені саудың жаны сау	Өзім туралы	Балаларды өздері туралы қысқаша айта білуге, аты-жөндерін дұрыс айтуға үйрету.	Сюжетті сурет бойынша сөз тіркестерін құратып үйрету. «Әдемі кілемшелер құрастыру» дидактикалық ойын
2- апта		Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Балаларға дәрумендер, олардың түрлерін қазақша айта білуге үйрету. Дәрумендердің пайдасын білдіретін қысқаша сөз тіркестерін айта білуге үйрету.	Дидактикалық карточкалар жиынтығы «Сөздердегі бірінші дыбыстарды ата» дидактикалық ойын
3- апта		Өзіне және өзгелерге көмектес	Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету.	«Кім кезекші?» «Кім көмекші?» сұрақ-жауап ойыны

			Сөздік қорларын байыту.	
4 – апта		Біз күштіміз, ептіміз	Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік бер. Қазақша сөйлем құрастыра білуге үйрету.	«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» викториналық сұрақтар
Желтоқсан 1- апта	Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат	Қазақстан халқының жүріп өткен жолдары мен тарихи оқиғаларын екі тілде қысқаша әңгімелеу. Айтулы күндерді балалардың жаттап алуына ықпал ету.	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» дидактикалық ойын
2- апта		Туған өлкем	Балаларды табиғат аясындағы заттарға қамқорлық жасауға баулу, тақырыпқа сай қазақша сөйлем құрастыра білуді үйрету	«Табиғат аясында» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу. «Қай ағаштың жапырағы» дидактикалық ойын
3- апта		Нұр-Сұлтан- Отанымыздың жүрегі	Нұр-Сұлтан қаласы туралы өлең тақпақтар үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру танымдық білімдерін кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру.	«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойын
4 – апта		Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Екі тілде сөйлеуді дамыту.	«Суреттерден әңгіме құрастыру» дидактикалық ойыны
Қаңтар 1- апта	Табиғат әлемі	Айналамыздағы өсімдіктер	Балаларды өсімдіктер атауларымен таныстыру. Қазақша сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру.	Дидактикалық плакаттар «Түрлі түсті гүлдер» дидактикалық ойыны
2- апта		Жануарлар әлемі	Үй және жабайы жануарлардың қазақша аттарын жаттату. Сөздік қорларын молайту.	«Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар» постерлері «Үй жануарларын атау» дидактикалық ойын
3- апта		Құстар – біздің досымыз	Балаларды құстардың қазақша аттарымен	«Құс келді» әнін жаттату.



			таныстыру. «қ, ғ» әріптерінің дұрыс айтылуын үйрету.	«Құстарға ұя құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Ғажайып қыс	Балаларға қыс мезгілі, қыс айларын жаттату. Қазақша қысқаша әңгімелей білуге үйрету.	«Қыс» туралы өлең, ән жаттату. «Қысқы ойындар» дидактикалық ойын

Ақпан 1- апта	Бізді қоршаған әлем	Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)	Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру, қазақша атаулары таныстыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	«Ағаштарды ажырату» дидактикалық ойын
2- апта		Көліктер	Балаларға көліктердің қазақша атауларымен таныстыру, қайталату, жаттату.	«Көліктер» постері «Көліктер құрастыру» дидактикалық ойын
3- апта		Электроника әлемі	Балалармен қазіргі электроника әлемімен таныстыру. Қазақша атаулардың дұрыс айтылуын үйрету.	Түрлі-түсті суреттер. «Дыбыстардан сөздер құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Мамандықтың бәрі жақсы	Балаларды мамандық түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Балабақшадағы мамандық иелерімен таныстыру.	Балабақшадағы маман бөлмелеріне саяхат «Шаштараз» сюжетті-рөлдік ойын
Наурыз 1- апта	Салттар мен фольклор	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері	Қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен таныстыру, олардың қазақша атауларымен таныстыру, атауларын дұрыс айтуға дағдыландыру.	«Киіз үйдің жабдықтарын атау» дидактикалық ойын
2- апта		Ертегілер елінде. Театр әлемі	Балаларды қазақ ертегілерімен таныстыру. Театр туралы түсінік беру. Қазақша сыпайы сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу.	«Қазақтың халық ертегілері» мультфильмдер жинағы «Жеті лақ» ертегісін сахналау

3- апта		Өнер көзі халықта	Балаларды қазақтың өнерімен таныстыру, қазақша атауларын үйрету. Сөздік қорларын молайту. «ң, һ» әріптерінің айтылуын үйрету.	«Қазақтың қолөнері» сюжетті сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету «Әшекей бұйымдар дүкені» сюжетті-рөлдік ойын
4 – апта		Нұр төккен, гүл көктем	Балаларға көктем мезгілі туралы екі тілде әңгімелеу, көктем мезгілінің айларын жаттату.	«Көктем» постері. «Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын
Сәуір 1- апта	Біз еңбекқор баламыз	Аялайық гүлдерді	Гүлдердің түрлі-түсті суреттерін көрсете отырып, олардың қазақша аттарымен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Топтағы гүлдермен таныстыру.	«Дала гүлдері», «Бөлме гүлдері» дидактикалық материалдары «Гүл шоғын құрастыру» дидактикалық ойын
2- апта		Ас атасы-нан	Балаларға ұн өнімдерінің қазақша атауларын үйрету. жаңа сөздерді жаттату . «Дастархан» әнін жаттату.	«Тағамдар» слайды. «Азық – түлік дүкені» сюжетті-рөлдік ойын
3- апта		Жәндіктер мен космекенділер әлемі	Балаларға жәндіктердің қазақша аттарымен таныстыру. Олардың тіршілігі туралы қазақша суреттей білуді үйрету.	«Жәндіктердің бейнелерін құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Еңбек бәрін жеңбек	Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту.	«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» викториналық сұрақтар жүргізу. «Анамызға көмектесеміз» сюжетті-рөлдік ойын
Мамыр 1- апта	Әрқашан күн сөнбесін!	Достық-біздің тірегіміз (халықтар достығы)	Отанымыздың көп ұлттылығын, ұлттар достығы туралы әңгімелеу. Қазақша атаулардың дұрыс айтылуын қадағалау.	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» дидактикалық ойын
2- апта		Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан	Балаларды Қазақстан батырларымен таныстыру. Есімдерін есте сақтау	«Біздің батырлар» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу.

		соғысының ардагерлері)	қабілеттерін дамыту.	«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойын
3- апта		Көңілді жаз	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру; табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру;	«Жаз мезгілі» әнін жаттату. «Суреттер құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Мен жасай аламын	«Сән салоны» ойынын ойнату. «Адамның көркі-шүберек» мақалын жаттату, мағынасын түсіндіру.	Слайдтар жинағы. «Сән салоны» сюжетті-рөлдік ойын

2- қосымша

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша ортаңғы топқа арналған перспективалық жоспар үлгісі

Мерзімі/ Өтпелі тақырып	Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы	Мақсаты	Меңгерілетін сөздер	Сағаты
<b>Қыркүйек</b>  <b>Менің балабақшам</b>	Балабақша	Балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру.	-Сәлеметсіз бе! -Сәлем -Сау болыңыз!	<b>1</b>
		Сөздерді дұрыс қайталауға, сөз тіркесін айта білуге үйрету.	-кең, әдемі, жарық	<b>1</b>
	Ойыншықтар	Ойыншық атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету.	-ойыншықтар, доп, қуыршақ.	<b>1</b>
	Сүйікті ойыншығым	Сөздік қорларын молайту.	-қуыршақ, доп, бар, домалақ, менде	<b>1</b>
<b>Қазан</b>	Күз мезгілі	Күз мезгілі және күз белгілерін қазақ тілінде үйрету	Күз, салқын, жаңбыр.	<b>1</b>
<b>Күз</b>	Күзгі түстер	Күз белгілері арқылы түс атауларын үйрету.	-қызыл, жасыл, сары, жапырақ.	<b>1</b>
	Көкөністер	Көкөніс түрлерін қазақ тілінде айтуға үйрету.	-сәбіз, пияз, картоп	<b>1</b>

	Жемістер	Жемістер туралы түсініктерін дамыту.	-алма, алмұрт, қызыл, сары	<b>1</b>
<b>Қараша</b>  <b>Отбасы</b>	Менің отбасым	Отбасы мүшелерін қазақ тілінде айтуға үйрету.	-мынау, әке, ана, ата, әже.	<b>1</b>
	Адамның дене мүшелері	Балаларға дене мүшелерінің атауларын үйрету.	-қол, аяқ, бас, мынау	<b>1</b>
	Ыдыстар	Ыдыстардың атауларын үйрету.	-тәрелке, қасық, пышақ	<b>1</b>
	Киімдер	Киімдер атауы туралы қарапайым түсінік беру.	-көйлек, жейде, белдемше, шалбар	<b>1</b>
<b>Желтоқсан</b>  <b>Менің Қазақстаным</b>	Отаным	Отаны, туған өлкесі туралы білімдерін дамыту.	-туған өлкем, ауылым, әдемі, үлкен	<b>1</b>
	Менің қалам	Өзінің тұратын қаласы туралы білімдерін қалыптастыру.	-қала, таза, үлкен, әсем	<b>1</b>
	Мен санай білемін	Балаларға қазақ тілінде санауды үйрету.	-бір, екі, үш	<b>1</b>
	Жаңа жыл	Жаңа жыл мерекесі жайлы айта білуге үйрету.	-жаңа жыл, Аяз ата, Ақшақар, шырша	<b>1</b>
<b>Қаңтар</b>  <b>Қыс</b>	Қыс мезгілі	Қыс мезгілі туралы сөздерді дұрыс айтуға үйрету.	-қыс мезгілі, суық. -Ақ, қар, ұлпа	<b>2</b>
	Қысқы киімдер	Қыстық киім түрлерін айта білуді үйрету.	-тон, қолғап, бәтеңке, етік	<b>1</b>

	Қысқы ойындар	Қысқы ойындар туралы түсінік қалыптастыру.	-аққала, шана, сырғанау, ойнау	<b>1</b>
<b>Ақпан</b>	Үй жануарлары	Үй жануарлар туралы түсініктерін дамыту.	-сиыр, қой, ешкі, қорада	<b>2</b>
	Жабайы аңдар	Жабайы аңдарды дұрыс дыбыстап айтуға үйрету.	-қасқыр, қоян, аю, орманда	<b>1</b>
<b>Жануарлар әлемі</b>	Үй құстары	Үй құстарын атай білуге үйрету.	-тауық, әтеш, қаз	<b>1</b>
<b>Наурыз</b>	Көктем мезгілі	Көктем мезгілі және көктемдегі табиғаттағы ерекшеліктер туралы білім беру.	-көктем, жылы, наурыз, сәуір, мамыр	<b>1</b>
	Қош келдің, өз-Наурыз!	Наурыз мерекесі туралы ұғымдарын кеңейту.	-Наурыз мейрамы, наурыз көже	<b>1</b>
<b>Көктем</b>	Тағамдар	Тағам атауларымен таныстыру.	-нан, сүт, айран, ет	<b>1</b>
		Тағам атауларымен таныстыра отырып, пайдасын айту.	қант, май, шай, су	<b>1</b>
<b>Сәуір</b>	Көліктер	Балаларға көлік туралы түсінік беру.	-көліктер, ұшақ, пойыз, машина, автобус	<b>2</b>
	<b>Табиғат әлемі</b>	Түстер	Түстер туралы түсініктерін кеңейту.	қызыл, сары, жасыл, көк
<b>Мамыр</b>	Бір шаңырақ астында	1-Мамыр мерекесі туралы түсінік беру.	достық, бірлік, тату	<b>1</b>
	<b>Алақай, жаз келді!</b>	Санамақтарды жатқа айта білуге үйрету арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру	1,2,3 кері санау	<b>2</b>

	Алақай, жаз келді!	Жаз мезгілінің ерекшеліктерін меңгерту.	-жаз келді, күн ыстық	<b>1</b>
--	-----------------------	---	-----------------------	----------

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша ересек тобына арналған перспективалық жоспар үлгісі**

<b>Мерзімі/ Өтпелі тақырып</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Меңгерілетін сөздер</b>	<b>Сағаты</b>
<b>Қыркүйек</b>  <b>Менің балабақшам</b>	Балабақша	Балабақша жайлы жаңа сөздерментаныстыру, сөздік қорларын молайту. Балабақша қызметкерлерінің қызметімен таныстыру, дұрыс қайталап айтуға үйрету.	-Балабақша, кең, үлкен, жарық.  -Тәрбиеші, меңгеруші, аспазшы, дәрігер, мұғалім.	<b>2</b>
	Ойыншықтар	Ойыншық атауларын қазақ тілінде айтқызу, оларды көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Менде, бар, текше, қонжық, машина, үлкен, кішкентай.	<b>1</b>
	Ойыншықтар дүкені	Ойыншық атауларын дұрыс атап, жай сөйлеммен сипаттауға үйрету.	Топ, үстел-үстелдер, мынау қонжық, доп домалақ, қуыршақ әдемі.	<b>1</b>
<b>Қазан</b>	Күз мезгілі	Жаңа сөздермен таныстыру арқылыдыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету, сөздік қорларын байыту	жасыл, алтын сары, қызыл, жапырақ түседі, күн суытады, жаңбыр жауады.	<b>1</b>

<b>Күз</b>	Күзгі табиғат	«Күзгі табиғат» көрінісі бойынша алған білімдерін толықтыру.	күн салқын, суық жел, құстар, ұшып кетеді.	<b>1</b>
	Көкөністер	Көкөністерді пішіні бойынша тірек сөзбен айта білуді үйрету.	Қияр сопақша, домалақ қарбыз, қызанақ қызыл, қырыққабат	<b>1</b>
	Жемістер	Жеміс түрлерімен таныстыруды жалғастыру.	Жемістер, ағашта, дәмді, сары өрік, қызыл шие, жүзім жасыл.	<b>1</b>
<b>Қараша Отбасы</b>	Менің отбасым	Балаларды өз отбасы туралы айта білуге үйрету	Отбасымда, бар, аға, іні, әпке, қарындас, сіңілі. Менің анам, әкем...	<b>1</b>
	Дене мүшелері	Сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейлерін арттыру, дұрыс сөйлем құра білуге дағдыландыру	Мынау менің қолым, мынау менің аяғым, көзбен көремін, құлағыммен естимін	<b>1</b>
	Ыдыстар	Ыдыс атауларын атай білуді үйрету.	Тәрелке, кесе, қасық, мынау шәйнек. Шәйнек үлкен.	<b>1</b>
	Киімдер	Киім түрлерімен таныстырып, атауларын үйрету.	Киімдер, тон, бас киім, етік, көйлек, шалбар, жейде	<b>1</b>
<b>Желтоқсан</b>	Менің Отаным – Қазақстан!	Балаларды Отанын құрметтеуге, туған жері туралы айта білуге үйрету.	Қазақстан, астана, менің Отаным, Нұр-Сұлтан, туған жер.	<b>1</b>



<b>Менің Қазақстаным</b>	Рәміздер	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерімен таныстыру.	Ту, көк, елтаңба, көгілдір, сары, дөңгелек, нұран, рәміздер, мемлекет.	<b>1</b>
	Менің қалам	Тұрып жатқан қаласы туралы түсінігін кеңейту.	Қала, көше-көшелер, үй, әсем, биік. Мен Нұр-Сұлтан қаласында тұрамын	<b>1</b>
	Қош келдің, Жаңа жыл!	Жаңа жыл мерекесін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру.	Аяз атаға, тақпақ, ақшақармен, би, жасыл шырша, сыйлықтар.	<b>1</b>
<b>Қаңтар</b>	Қыс мезгілі	Қыс мезгілінің құбылыстарымен таныстырып, сипаттауға үйрету.	Қыс, ақ, суық, қар, аяз, боран. Қазір қыс мезгілі.	<b>1</b>
<b>Қыс</b>	Менің қысқы киімдерім	Қысқы киім түрлерін дұрыс айта білуге үйрету.	Тон, қолғап, етік, бас киім, Мен қолғап киемін.	<b>1</b>
	Қыс қызығы	Қысқы ойын түрлерімен таныстыру.	Сырғанақ, шаңғымен, шанамен, аққала, жасады, тепті.	<b>1</b>
	Қысқы табиғат	Қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін молайту.	Ұлпақар, аязды, ақ қырау, жылтыр, мұз.	<b>1</b>
<b>Ақпан</b>	Үй жануарлары	Қазақ халқы үшін төрт түліктің маңыздылығы туралы мағлұмат береотырып, мақал-мәтелдер, жұмбақтар арқылы тілдерін жаттықтыру	Түйе, үлкен, кішкентай, қой бағады, сиыр, ешкі, жылқы	<b>1</b>

<b>Жануарлар әлемі</b>	Жабайы аңдар	Жабайы аңдарды атауда бір-бірімен салыстыра айтуды үйрету.	Қу, түлкі, қоңыр, аю, ақ қоян, жабайы аңдар, орманда мекендейді.	<b>1</b>
	Үй құстары	Үй құстарының пайдасын түсініп, дұрыс атап білуге үйрету.	Ет, жұмыртқа, үйрек, тауық, балапан, су ішеді, жем жейді.	<b>1</b>
	Құстар	Құстарды дұрыс атай білуге үйрету. Қамқор бола білуге тәрбиелеу	Қарға, сауысқан, қара, ала, табиғат, пайдалы.	<b>1</b>
<b>Наурыз</b>	Көрікті көктем келді	Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беру, ерекшеліктеріне байланысты сөздерді меңгерту	Көктем, қар ериді, күн, жылы, бәйшешек шығады.	<b>1</b>
<b>Көктем</b>	Ұлттық тағамдар	Балаларды ұлттық тағамдар атауларымен таныстыру.	Бауырсақ, қазы, қарта, шұжық, наурыз көже	<b>1</b>
	Ұлттық киімдер	Ұлттық киімдерді дұрыс атауға үйрету. Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.	Сәукеле, бөрік, кимешек, шапан, ішік, тымақ, тақия киемін	<b>1</b>
	Киіз үй	Қазақ халқының ежелгі тұрмысы туралы білуге қызығушылықтарын оятып, жайлау, киіз үй туралы түсінік беру.	шаңырақ, кереге, уық, текемет, сандық, кілем, жайлауда, киіз үйді құрамыз.	<b>1</b>
<b>Сәуір</b>	Жанды табиғат	Жанды және жансыз табиғаттың айырмашылығын түсіндіру.	Ағаш, шөп, гүлдер, құстар, жанды табиғат	<b>1</b>
	Жансыз табиғат	Балаларға жансыз табиғат туралы түсінік беру.	Тау, су, күн құм, бұлт.	<b>1</b>
<b>Табиғат</b>				<b>1</b>

<b>әлемі</b>	Көліктер	Балаларды көлік түрлерімен таныстырып білімдерін жетілдіру.	Көлік, жүк, мәшине, ұшақ, тікұшақ, пойыз, кеме. Ұшақ ұшады.	<b>1</b>
	Түстер	Балалардың түстер туралы түсініктерін тереңдетіп, ажырата білуді пысықтау.	Көк, аспан, сары, күн, қызыл, алма, жасыл, ақ, қоңыр. Мынау қызыл алма.	<b>1</b>
<b>Мамыр Алақай, жаз келді!</b>	Бір шаңырақ астында	Балалардың өз Отанына, туған жеріне деген түсініктерін кеңейту.	Отаным Қазақстан, көп, ұлттар, қазақ, достық, ынтымақ, орыс, татар.	1
	Санамақ жаттаймыз	Санамақ жаттату арқылы 1-ден 10-ға дейінгі сандардың ретін есте сақтату, пысықтау.	Бір, дегенім, білім, елім, үйім, тілім... санамақ,	1
	Алақай, жаз келді!	Жаз туралы түсініктерін кеңейту. Тілге деген қызығушылықтарын арттыру	Жаз мезгілі, күн, гүл, көл, саяжай, ойын, құм. Жаз келді!	2

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша ересек тобына арналған перспективалық жоспар үлгісі**

<b>Мерзімі/ Өтпелі тақырып</b>	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Меңгерілетін сөздер</b>	<b>Сағаты</b>
--	--	----------------	----------------------------	---------------

<b>Қыркүйек</b>  <b>Менің балабақшам</b>	<b>Балабақша</b>	- Балабақша туралы түсінік беру, балабақша қандай екенін айтуға үйрету. - Топ ішіндегі бөлмелерді атау, «мынау» сөзімен байланыстыра қолдануға үйрету.	-Балабақша, үлкен, таза, жарық, кең  -Мынау, топ, жатын бөлме, ойын бөлмесі, кіреберіс, жуынатын бөлме	2
	<b>Балабақша қызметкерлері</b>	-Балабақшада еңбек ететін қызметкерлерімен таныстыру, атауларын дұрыс айтқызу. -Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.	-Тәрбиеші, күтуші, дәрігер, аспазшы мұғалім, меңгеруші -Балабақшада тәрбиеші еңбек етеді, балабақшада мұғалім еңбек етеді.	2
	<b>Ойыншықтар</b>	-Ойыншық атауларын үйрету, қазақ тіліне тән (қ,ү,ұ,і) дыбыстарын анық айтқызу. -Топтағы бар ойыншықты сипаттай алуды үйрету	-Ойыншық, доп, қуыршақ, текше, аю, пирамида, қоян  -Үлкен, кішкентай, әдемі, домалақ, жұмсақ, қатты	2
	<b>Менің достарым</b>	- «Дос» деген сөздің мағынасын балаларға түсіндіру. - Өзінің досымен таныстыруды, «Мынау менің досым...» айтуға үйрету	-Менің досым, ақылды, жақсы, адал, досымның аты...  -Мынау менің досым....	2
<b>Қазан</b>  <b>Күз</b>	<b>Күз мезгілі</b>	-Күз мезгілі туралы әңгімелей отырып, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету. -Күз туралы тақпақ жаттау, қазақ тіліне тән (ұ,ү,қ) дыбыстарды анық айтқызу	-Күз, жаңбыр, жел, әдемі, салқын, сары  -Алтын,сары, қызыл, жасыл, алуан-алуан, көз тартады	2
	<b>Күзгі табиғат</b>	- Күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы білімдерін кеңейту, жаңа сөздермен таныстыру. -Жаңа сөздерді есте сақтауға сөздік ойын арқылы меңгерту.	-Күзде, жапырақтар, жауады, түседі  -Сары, әсем, сарғаяды, құстар, ұшып кетеді.	2

	<b>Көкөністер</b>	-Көкөністер атауларымен таныстыра отырып пайдасын көрсету. - Жаңа сөздерді қолдана отырып жай сөйлем құрастыру	-Көкөніс, көкөністер, сәбіз, қияр, пияз, қызылша, картоп -Бұрыш, қызанақ, қырыққабат, бақшада, дәмді, өседі	2
	<b>Жемістер</b>	-Жемістер атауларымен таныстыра отырып пайдасын көрсету. -Жемістер жайлы үйренген сөздерден жай сөйлем құрастыру.	-Жеміс, жемістер, алма, алмұрт, жүзім, анар, лимон, апельсин -Ағашта, өседі, пайдалы, тәтті.	2
<b>Қараша</b> <b>Отбасы</b>	<b>Отбасы мүшелері</b>	Отбасы мүшелері атауларын үйрету, <i>қарындас, сіңлі</i> сөздерінің айырмашылығын түсіндіру.	-Ата, әже, әке, ана, отбасы, аға, іні, әпке, сіңлі, қарындас.	1
	<b>Мамандықтар</b>	Мамандықтар атауларымен таныстыру, адам өмірінде мамандық таңдаудың маңызын көрсету	-Сатушы, ғарышкер, жүргізуші, дәрігер, мұғалім, аспазшы, суретші, инженер	1
	<b>Дене мүшелері</b>	-Сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейлерін арттыру, дұрыс сөйлем құрай білуге дағдыландыру. -Дене мүшелер атауларын қолдана отыра жай сөйлемдер құрастыру.	-Дене мүшелері, бас, аяқ, көз, мұрын, көз, құлақ, шаш, қол  -Таза, менің, қолым, аяғым, көзім	2
	<b>Ыдыстар</b>	-Ыдыс атауларын дұрыс, анық айтқызу. -Жаңа сөздерді қолдана отыра жай сөйлемдерді құрастыру.	-Ыдыстар, кесе, қасық, тәрелке, шәйнек, пышақ шанышқы -Ас бөлмесінде, таза, үлкен, кішкентай, бар	1
	<b>Тағамдар</b>	-Тағам атауларымен таныстыра отыра сөздік қорларын, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.	-Нан, бауырсақ, ет, қант, май, кәмпит, ботқа, көже, сүт, су, айран	1
	<b>Мен жеймін, ішемін</b>	-«Мен жеймін», «Мен ішемін» сөз тіркестерді қолдана отыра сөйлемдер құрастыру.	-Мен жеймін, мен ішемін, дәмді, тәтті, пайдалы	1

	<b>Киімдер</b>	-Балаларды киімдер атауын дұрыс атап, өз киімдері жайлы әңгімелей білуге үйрету.	-Киімдер, жейде, шалбар, көйлек, тон, етік, бас киім, қолғап, мойынорағыш, киемін	1
<b>Желтоқсан</b>	<b>Менің Отаным</b>	- Отанына, Туған еліне деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру - Отаны жайлы әңгімелеп беруге үйрету.	-Қазақстан, Отан, тұрамын, үлкен, бай, өзен, көл, тау, орман, теңіз, бар -Қазақстан, үлкен, мен тұрамын	2
	<b>Рәміздер</b>	-Балаларға мемлекеттік рәміздер жайлы түсінік беру. -Рәміздерде бейнеленген ерекшеліктерді айтып үйрету.	-Рәміздер, Елтаңба, Ту, Әнұран, сары, көгілдір, -Күн, ою-өрнек, қыран құс, шаңырақ, жұлдыз, қанатты тұлпар	2
	<b>Менің қалам (ғимараттар)</b>	-Нұр – Сұлтан қаласы туралы мәлімет беру. -Қаладағы ғимараттар туралы әңгімелей білуге үйрету.	-Нұр – Сұлтан, қала, әсем, үлкен, таза, дүкен, театр, мектеп, балабақша. -Бәйтерек, цирк, Ақорда, Бейбітшілік сарайы, темір жол вокзалы, әуежай	2
	<b>Жаңа жыл</b>	- Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру , мереке туралы әңгімелей білуге үйрету.	-Жаңа жыл, мереке, көңілді, сыйлықтар, шырша	1
	<b>Жаңа жыл тақпақтары</b>	Жаңа жыл туралы тақпақтарды жаттау, қазақ тіліне тән (к,ә,ұ,ғ) дыбыстарды анық айтқызу	-Аяз ата, Ақшақар, келді, аққала	1
<b>Қаңтар</b>	<b>Қыс мезгілі</b>	-Қыс мезгілінің әсемділігін көрсету. -Қыс ерекшелігі мен айларымен таныстыру.	-Қыс, қар, ақ, жауады, суық, аққала, аяз, боран, жел -Желтоқсан, қаңтар, ақпан	2
	<b>Қысқы киімдер</b>	-Қысқы киімдер атауларымен таныстыру. -Іс әрекетпен байланыстырып айта білуді үйрету.	-Киімдер, қысқы, тон, етік, пима, қолғап, мойынорағыш -Киеді, киемін, жылы, таза, ақ, сары, көгілдір, күлгін, қызғылт, қоңыр, кара	2
	<b>Қыс қызығы</b>	-Қыс мезгілінде алатын әсерлері жайында	-Шана, шаңғы, коньки, ойын,	2

		әңгімелеу. -Қысқы ойындарды көрнекі материалдар арқылы етістік сөзбен үйрету.	сырғанақ, ойнаймын, тебемін. -Шанамен сырғанаймын, коньки, шаңғы тебемін.	
	<b>Қысқы табиғат</b>	-Қысқы табиғат кереметі жайлы әңгімелеуге үйрету. -Табиғаттағы қысқы тіршілік туралы айта білу.	-Табиғат, ағаштар, ақ, аппақ -Жауады, қар, суық, боран, аяз	2
<b>Ақпан</b>	<b>Үй жануарлары</b>	-Үй жануарлары атауларымен таныстыру.	-Үй жануарлары, қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы, ит, мысық -Шөп, жейді, су, ішеді, береді, жүн, ет	1
<b>Жануарлар әлемі</b>	<b>Төлдер</b>	-Жаңа сөздерді қолдана отыра сөйлемдер құрастыруға үйрету.	-Төлдер, бұзау, құлын, бота, қозы, лақ	1
	<b>Андар</b>	-Жабайы аңдардың атауларымен таныстыру. -Сөз тіркестерінен сөйлемдер құрастыруға үйрету.	-Андар, түлкі, аю, қасқыр, қоян, арыстан, кірпі, жолбарыс, маймыл -Тиін, қоян, орманда, мекендейді, тауда, далада	2
	<b>Үй құстары</b>	-Үй құстары атауларымен таныстыру. -Сөз тіркестерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.	-Үй құстары, үйрек, тауық, әтеш, балапан, қаз -Аулада, жұмыртқа, ет береді	2
	<b>Дала құстары</b>	Дала құстарының атауларымен таныстыру. -Сөз тіркестерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.	-Дала құстары, тоқылдақ, қарлығаш, торғай, көгершін -Аққу, үкі, бүркіт, қарлығаш .	2
<b>Наурыз</b>	<b>Көктем келді</b>	-Көктем мезгілінің әсемдігін әңгімелеу. -Көктем ерекшелігімен, айларымен таныстыру.	-Көктем, жылы, бәйшешек, өседі, құстар, ұшып келеді. -Наурыз, сәуір, мамыр	2
<b>Көктем</b>	<b>Наурыз</b>	- Наурыз айының ерекшелігі туралы, бұл айдағы мерекелер туралы әңгімелей отырып сөздік қорларын дамыту, тілдік дағдыларын қалыптастыру	-Наурыз, мереке, ұлттық, көктем, жыл басы	1
	<b>Ұлттық тағамдар</b>	Ұлттық тағамдар атауларымен таныстыру	-Бауырсақ, қазы-қарта, ет тағамы, наурыз көже, күрт, айран, шұжық,	1

			ет	
	<b>Ұлттық киімдері</b>	-Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын құрметтей білуге тәрбиелеу. -қазақ халқының ұлттық киімдер атауларымен таныстыру	-Ұлттық, қамзол, шапан, көйлек, сәукеле, мәсі  -Бөрік, айырқалпақ, тақия	2
	<b>Киіз үй</b>	-Киіз туралы түсінік беру. -киіз үйдің құрылысымен таныстыру, жаңа сөздерді меңгерту	-Киіз үй, киіз, үлкен, кең  -Кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық, түндік	2
<b>Сәуір</b>  <b>Табиғат әлемі</b>	<b>Жанды табиғат</b>	-Қоршаған ортадағы жанды табиғат туралы түсінік беру. - Жаңа сөздерді қолдана отыра жай сөйлемдер құрастыруға үйрету	-Жанды табиғат, адам, құстар, жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер -Өседі, қоректенеді	2
	<b>Жансыз табиғат</b>	-Қоршаған ортадағы жансыз табиғат туралы түсінік беру. -Сөз тіркестерін байланыстырып айтуға үйрету.	-Тас, тау, су, күн, ауа, құм, ай, от, жансыз табиғат, ыстық, қатты, жарық -Тас қатты, күн жарық...	2
	<b>Көліктер</b>	-Көліктер атауларымен таныстыру, адам өміріндегі алатын орнын көрсету. -Жаңа сөздерді қолдана отыра жай сөйлемдер құрастыруға үйрету	-Көліктер, ұшақ, зымыран, тікұшақ, автокөлік, кеме, автобус, қайық, пойыз -Ұшақ ұшады, кеме жүзеді, пойыз жүреді....	2
	<b>Түстер</b>	-Түстер атауларымен толық таныстыру. -Сөз тіркестерінен сөйлем құрастыруға үйрету.	-Түстер, ақ, қара, қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр күлгін, қызғылт, көгілдір, қызылсары -Ақ-қар, сүт, айран, қант Қызыл-қызанақ, алма	2
	<b>Бір шаңырақ астында</b>	-Қазақстан көп ұлтты мемлекет екенін айтып	-Шаңырақ, Қазақстан, ұлттар,	2



<b>Мамыр</b>  <b>Алақай, жаз келді!</b>		әңгімелеу, достыққа тәрбиелеу. -Байланыстырып айта білу дағдыларын кеңейту.	қазақ, орыс, кәріс, неміс, өзбек, қырғыз -Қазақстанда көп ұлттар бар, тату-тәтті тұрады.	
	<b>Мен мектепке барамын</b>	-Мектеп өмірі жайлы түсінік беру. - Жаңа сөздерді қолдана отыра жай сөйлемдер құрастыруға үйрету	-Мектеп, білім, оқушылар, мұғалімдер.  -Мен мектепке барамын	2
	<b>Оқу құралдары.</b>	- Оқу құралдар атауларымен таныстыру, жаңа сөздерді меңгерту -Жаңа сөздерді қолдана отыра жай сөйлемдер құрастыру	-Сөмке, дәптер, кітап, қалам, қылқалам, ұштағыш, бояу, -Өшіргіш, қайшы, альбом қарындаш, қарындаштар	2
	<b>Жәндіктер</b>	-Жәндіктер туралы әңгімелеу, қазақша атауларын үйрету. -Жәндіктер тіршілігімен таныстыру.	-Жәндіктер, ара, маса, шыбын, құмырсқа, инелік, шегіртке, қанқызы, өрмекші, ұшады, секіреді...	2

## **Қазақ тілін үйретуде қолданылатын ойындар**

### **Сөздік ойын «Дене мүшелері»**

Басым менің ақылды, (қолмен басын ұстайды)

Қолым қасық ұстайды, (қолын қасық ұстағандай қимыл жасайды)

Аяғым жүреді, (аяғымен орнында жүреді)

Көздерім көреді, (көздерін ашып-жұмады)

Құлағым естиді, (қолмен құлағын көрсетеді)

Мұрным дем алады. (мұрнымен дем алу).

Тілім сөйлейді!

### **Сөздік ойын «Мен көрсетем - сен қайтала»**

Педагог дене мүшелерді атап, қимылдармен көрсетеді.

Бас, Қол, Аяқ,

Көз, мұрын, құлақ!

Аузым, тілім, тісім,

Ал мынау саусақтарым!

### **Дидактикалық ойын «Үлкен сандық-кішкентай сандық»**

Педагог екі түрлі өлшемдегі сандықтар, тақырыпқа байланысты әртүрлі өлшемдегі ойыншықтар дайындап қояды.

**Ойын шарты:** Әр өлшемдегі сандыққа сай ойыншықты таңдап салады.

Үлкен сандыққа –үлкен аюды, кішкентай сандыққа –кішкентай аюды салып, дауыс мимикасымен көрсете біліп, оларды атайды т\б

### **Сөздік ойын «Қандай?»**

Тақырыбы: «Жемістер»

**Ойын шарты:** Жемістерді қазақ тілінде атау, дәмін ым-ишарамен көрсете білу.

Лимон қышқыл (балалар қабағын түйеді, қолдарын сермейді), алма дәмді (балалар еріндерін жалап күледі).

### **Сөздік ойын «Мен жақсы көремін»**

**Тақырыптар:** «Отбасы», «Ойыншықтар», «Жемістер», «Көкөністер», «Үй жануарлары», «Жабайы аңдар»

**Ойын шарты:** Жыл бойы өткізілетін тақырыптар бойынша баланың іс-қимылын дамыту, мимикасы мен эмоцияларын көрсете білу мақсатында пассивті сөздік қорын молайту.

### **«Қ», «Ү» дыбыстарына арналған фонетикалық ойын.**

Тауық сыртқа шығып еді, артынша балапандар да жүгіріп келді. Олар үйдің жанынан жем іздей бастады. Тауық-ана жем салынған шылапшынды тауып алып, «қыт- қыт» деген қатты дыбыстар шығара бастады. Бұл дыбыстар оның қуанғанын білдірді. Ал, кәнеки балалар біздер де көмеймен «қ» дыбысын айтып көрейікші. Тауық балапандарымен тамаққа тойып алған соң, олардың су ішкілері келді. Ол су құйылған табаққа жүгіріп барып, балапандарына суды қалай ішу керектігін көрсетті. Басын жоғары көтеріп: «уф-уф» деді. Тауықтың тұмсығы жиырылған, үшкір. Біздер «у» дыбысын айтқан уақытта, ерніміздің шеттері жиырылмайды, тек жәй ғана ажырайды. Ал, енді біздер ернімізді қаттырақ жиырамыз, сонда қазақ тіліндегі «ү» дыбысы шығады. Осы дыбыстарды дұрыс айтуға көмектескен тауық пен балапандарға үлкен рахмет айтайық.

### **«Ө», «І» – дыбыстарына арналған фонетикалық ойын.**

Бір күні қоян үлкен, тәтті сәбіз тауып алып, оны жей бастайды. Жақын маңда кәрі аю тұратын. Міне, керемет?! Сәбізді жеп отырған қоянды көре сала, оның да сәбіз жегісі келді. Қоян өте мейірбан көрші болатын, сондықтан да аюға сәбізінен бөліп берді. Ал, тәтті құмар аю өзінің қарттығын ұмытып кеткен болуы керек, сәбізді жей бастады. Бір уақытта оның тісі ауыра бастады. Табанын оң жақ бетіне қойып: «ө-ө» ыңырай бастады. Қоян аюдың ауырғанына күлкісі келіп, аюды «і-і-і» деп мазақтай бастады. Бір уақытта не болғанын түсініп аюға көмектесті.

Балалар, ендеше, біздер де тісіміз ауырып тұр деп елестетейік, тісімізді басып аю мен қоян секілді айтып көрейік.

Осы дыбыстарды дұрыс айтуға көмектескен аю мен, қоянға рахмет айтайық. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйретуге бағытталған ойындар мен жаттығуларда, баламен жеке жұмыс жасауда дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінуі керек. Себебі: бір бала ол дыбысты айта алмайды, екінші бала дыбысты айтқанмен сөз ішінде анық айта алмайды, үшінші бала дұрыс, анық айтады. Дыбыстың қиындығына қарай балаларды әр топқа бөліп кезекпен айтқызып жөн.

Есту қабілеттерін жетілдіруге, сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға ұсынылатын ойындар

#### **«Кім тез табады? »**

Бұл ойынның мақсаты: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ә, і, ү, ұ, қ, ғ, ө, н).

Мен дыбыстарды айтып тұрамын, егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе, алақаныңды соқ:

О-Ү-Ү-Ө-Ү-У-О-Ү

#### **«Ойлан тап, қандай дыбыс»**

Бұл ойынның мақсаты: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Мына суреттерге қара, олардың аттары қандай дыбыстан басталады?

«қоян, қасқыр, қолғап, қарға» т.с.с.

### «Сиқырлы сандық»

Бұл ойынның мақсаты: қазақ тіліне тән дыбыстардың сөздің қандай бөлігінде тұрғанын түсіну.


Дыбыс сөздің қай бөлігінде мысалы: «к» дыбысы сөздің басында, ортасында, аяғында тұрса, соған сәйкес сандыққа салуы керек (ойыншықты, суретті)

### «Кім көп сөз ойлап табады»

Бұл ойын өткен тақырыптарды бекітуге, ойлау қабілеттерін дамытуға және дыбыстарды ажыратуға көмектеседі.


Балаларға қазақ тілі дыбыстарына «ә», «ү», «ұ», «к», «ғ» сөз ойлап табу керек. Дұрыс, анық айтқан бала ұпай алады. Кім көп ұпай алса сол жеңеді.

### Мнемокестелер бойынша жабайы аңдар туралы байланыстырып әңгіме құрастыру.




1. Мынау қоян. Ол-жабайы аң.
2. Қоянның жылы жүні бар.  
Қыста-ақ. Жазда –сұр.
3. Қоян сәбіз, орамжапырақ жақсы көреді.
4. Қоян орманда мекендейді.
5. Қоянның баласы көжек.


### Мнемокестелер бойынша құстар туралы байланыстырып әңгіме құрастыру.




1. Мынау құс. Құстың басы, тұмсығы, екі көзі, денесі, құйрығы, екі аяғы бар.
2. Құстың екі қанаты бар. Ол ұшады.
3. Құстың қауырсыны бар. Ол жылы, жұмсақ.
4. Құстар жәндіктермен көректенеді .
5. Құстар ұя салады. Көктемде жұмыртқа басады.
6. Жұмыртқа сопақша, ақ.
7. Жұмыртқадан кішкентай балапан шығады.



“Тырна, тырна, тырнарлар.



Ұзын мойын- мырзалар.




Бір аяқпен тұрса да –шаршамайды тырнарлар!




**Кесте бойынша тақпақты жаттау**  
 Тырна,  
 тырна, тырнарлар,  
 Ұзын мойын  
 мырзалар,  
 Бір аяқпен тұрса  
 да, шаршамайды  
 тырнарлар!

**Мнемокестелер бойынша мақал-мәтелдерді жаттау**



Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар. Білім инемен құдық қазғандай.

### Мнемокестелер бойынша әндерді жаттау



Ортақ мекен жер шары,  
Төбемізде бір аспан,  
Барлық ұлттың баласы-  
Достығымыз жарасқан!

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж 27 шілде № 319-III
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» 2021 ж. 1 қыркүйек
4. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 ж. 27 желтоқсан № 293-VI

5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
6. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы.
7. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы.
8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.
9. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
10. С. Рахметова Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы «Ана тілі» 1991 ж.
11. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.,1998г.
12. Актуальные проблемы психологии речи и психологии обучения языку./под ред. А.А. Леонтьева. М.,1998.
13. Сөйлеп үйренемін, Алматы, Қайнар, «Просвещение Казахстан»,2009 год
14. Б.Капалбеков, Методическое пособие («Уроки Тілашар»), Институт языкознания им.А.Байтурсынова, Алматы, 2006 г.
15. Учитель готовится к хорошему уроку всю жизнь... Итемгенова С.Т., учитель казахского языка ясли – сад № 9 г.Костанай
16. Основные направления работы по изучению казахского языка детьми дошкольного возраста Макаева Ж.А., учитель казахского языка, г.Костанай.
17. Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) на уроках казахского языка, Ольга Волкова, учитель казахского языка,
18. Использование педагогами казахского языка на занятиях и в режимных моментах» Нургалиева Н.А., Преподаватель казахского языка ДМЦ «АБВГ Дейка СК» г. Петропавловск, 2013 г.





## МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба.....	3
2. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі.....	4
3. Қазақ тілін үйретуде жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттары мен қағидалары.....	6
4. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын меңгеруге қойылатын негізгі талаптар.....	7
5. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойын арқылы қазақ тілін үйретудің әдістері.....	13
6. Қазақ тілін үйретудегі инновациялық технологиялар.....	15
7. Қазақ тіліне балаларды үйрету процесіндегі балабақша мен отбасының өзара байланысы.....	17
8. Қорытынды.....	18
9. Қосымшалар.....	20

